

Жеке шоттардың бірыңғай жүйесін жүргізуге арналған үлгі шартты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 239 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 09 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5538 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 215 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2013 № 215 қаулысымен (лғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы жүйесінің тұрақтылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 23 қазандағы Заңының 1-бабының 6-тармағының 18) тармақшасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасы **Қ АУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұсынылып отырған Жеке шоттардың бірыңғай жүйесін жүргізуге арналған үлгі шарт нысаны бекітілсін.

2. Осы қаулы қолданысқа 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап енеді.

3. Бағалы қағаздар рыногының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (М.Ж. Хаджиева):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" Заңды тұлғалар бірлестігіне, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарий" АҚ және бағалы қағаздар ұстаушылар тізілім жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға мәлімет үшін жіберсін.

4. Агенттіктің Төрайым Қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға а л с ы н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының 2008 жылғы
29 желтоқсандағы

№ 239 қаулысымен бекітілген

**Жеке шоттардың бірыңғай жүйесін жүргізуге арналған
ҮЛГІ ШАРТ**

_____ қаласы 20__ жылғы "___" _____

_____ ,
бұдан әрі "Тіркеуші" деп аталады да
(_____),(
заңды тұлғаның тіркелгендігін растайтын құжаттың атауы, нөмірі, күні
және оны берген орган)

негізінде іс-әрекет жасайтын _____ ар
қылы бір жағынан және "Бағалы қағаздар орталық депозитарий"
акционерлік қоғамы (_____ жылғы "___" _____ берілген
№ _____ мемлекеттік қайта тіркеу куәлігі), бұдан әрі – "Орталық
депозитарий" деп аталады да, Жарғы негізінде іс-әрекет жасайтын _____

_____ арқылы екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп –
Тараптар деп атала отырып, мына төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасады:

1.Шарттың мәні

1. Тіркеуші Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Орталық депозитарий Ережесінің жиынтығымен (бұдан әрі – Ереже жиынтығы) және осы Шартпен белгіленген тәртіппен талаптар бойынша береді, ал Орталық депозитарий жеке шоттардың бірыңғай жүйесін қалыптастыру және жүргізу мақсатында берілген Тіркеуші қалыптастырған бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімі жүйесіне қызмет жасауға қабылдайды.

2. Тараптардың өзара қарым-қатынасы осы Шартпен, Ереже жиынтығымен

және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

3. Осы Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары өзгерген жағдайда осы Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына қарама-қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4. Орталық депозитарий:

1) Тіркеушімен электрондық хабарламалар алмасуға арналған деректерді берудің электронды жүйесіне қойылатын талаптарды белгілеуге;

2) бекітілген тарифтерге сәйкес жеке шоттардың бірыңғай жүйесінің өзекті жай-күйіне қолдау көрсеткені және жүргізгені үшін сыйақы алуға құқылы.

5. Тіркеуші:

1) жіберілген электрондық өкімнің орындалуы (орындалуынан бас тарту туралы есебін Орталық депозитарийден уақтылы қабылдауға;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Ереженің жиынтығымен белгіленген тәртіп бойынша жеке шоттардың бірыңғай жүйесінен ақпаратты сұратуға және уақтылы қабылдауға;

3) Ереже жиынтығының жеке шоттардың бірыңғай жүйесін жүргізу ережесіне қатысты бөлігіндегі өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпаратты ол күшіне енгенге дейінгі отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей қабылдауға құқылы.

6. Орталық депозитарий мыналарды міндетіне алады:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Ереженің жиынтығымен белгіленген тәртіппен жеке шоттардың бірыңғай жүйесін жүргізуді жүзеге асыруды;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Ереженің жиынтығымен белгіленген тәртіппен жеке шоттардың бірыңғай жүйесіндегі бағалы қағаздармен мәмілелерді көрсету туралы мәмілелерді көрсету туралы Тіркеушінің электрондық өкімдерін орындауды;

3) Тіркеушіге жеке шоттардың бірыңғай жүйесіндегі мәмілелердің көрсетілуі туралы растауды жолдауды;

4) соңынан енгізілген өзгерістер туралы Тіркеушінің хабарламасымен бірге Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Ереженің жиынтығымен белгіленген тәртіппен Тіркеушінің тиісті электрондық өкімін алған кезде жеке шоттардың бірыңғай жүйесіне өзгерістер енгізуді;

5) Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіппен жеке шоттардың бірыңғай жүйесінде бар ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуді;

6) бағалы қағаздар ұстаушылар тізілім жүйесінде ашылған жеке шоттарда бар бағалы қағаздар санының Орталық депозитарий деректерімен сәйкес келмеген

кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасымен көзделген басқа жағдайларда жеке шоттардың бірыңғай жүйесіндегі мәмілелердің көрсетілуінен бас тартуды;

7) Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Ереженің жиынтығымен белгіленген тәртіп бойынша жеке шоттардың бірыңғай жүйесінің деректерін Тіркеуші жүзеге асыратын бағалы қағаздар ұстаушылар тізілім жүйесінің деректерімен салыстыруды жүзеге асыруды;

8) Тіркеушіні Ереже жиынтығының жеке шоттардың бірыңғай жүйесін жүргізу ережесіне қатысты бөлігіндегі өзгерістер мен толықтыруларды ол күшіне енгенге дейінгі отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей хабардар етуді;

9) екі жұмыс күні ішінде банктік, почталық деректемелердің өзгергені туралы Тіркеушіні жазбаша хабардар етуді;

10) Ереженің жиынтығын қадағалауды.

7. Тіркеуші мыналарды міндетіне алады:

1) осы Шарт жасалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Орталық депозитарийге қалыптасқан бағалы қағаздар ұстаушылар тізілім жүйесін жіберуді;

2) Орталық депозитарийге Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Ереженің жиынтығымен белгіленген тәртіппен жеке шоттардың бірыңғай жүйесінде бағалы қағаздармен мәмілелерді көрсету туралы электрондық өкім жолдауды;

3) Орталық депозитарийге Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Ереженің жиынтығымен белгіленген тәртіппен бағалы қағаздар ұстаушылар тізілім жүйесін құрайтын мәмілелер өзгерген кезде жеке шоттардың бірыңғай жүйесіне өзгерістер енгізу туралы электрондық өкім жолдауды;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Ереженің жиынтығымен белгіленген тәртіп бойынша бағалы қағаздар ұстаушылар тізілім жүйесінде ашылған жеке шоттарда бар эмиссиялық бағалы қағаздар санының жеке есебінің деректерін Орталық депозитарий деректерімен салыстыруды жүзеге асыруды;

5) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасымен және Ереженің жиынтығымен белгіленген талаптарға сәйкес бағалы қағаздар ұстаушылар тізілім жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланылатын бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етудің болуын қамтамасыз етуді;

6) Орталық депозитарийді эмитенттермен бағалы қағаздар ұстаушылар тізілім жүйесін жүргізуге арналған шарттарды жасау не бұзу жөнінде жасалған шартты немесе шартты бұзу туралы келісім күшіне енген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде хабардар етуді;

7) бағалы қағаздар ұстаушылар тізілім жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті

жүзеге асыруға арналған қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру, айыру не тоқтату туралы хабарлама алған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы Орталық депозитарийге хабарлауды;

8) екі жұмыс күні ішінде банктік, почталық деректемелердің өзгергені туралы Орталық депозитарийді жазбаша хабардар етуді;

9) Ереже жиынтығын жеке шоттардың бірыңғай жүйесін жүргізу ережесіне қатысты бөлігі бойынша қадағалауды;

10) Орталық депозитарий қызметін бекітілген тарифтерге сәйкес төлеуді.

8. Орталық депозитарий мыналарға жол бермейді:

1) Тіркеушінің тиісті электрондық өкімі болмаған жағдайда жеке шоттардың бірыңғай жүйесіне өзгерістер енгізуге;

2) осы Шартпен, Ереже жиынтығымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен оған жүктелген міндеттерді орындауды басқа тұлғаларға бөліп беруге;

3) жүргізуді Тіркеуші жүзеге асыратын бағалы қағаздар ұстаушылар тізілім жүйесін құрайтын мәліметтерді осы Шартпен көзделмеген мақсаттар үшін пайдалануға.

9. Тіркеуші мыналарға жол бермейді:

1) жеке шоттардың бірыңғай жүйесінде бағалы қағаздармен мәмілелерді көрсету туралы электрондық өкімді, егер осы мәмілені тіркеуге ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Орталық депозитарийге беруге;

2) Орталық депозитарий жеке шоттардың бірыңғай жүйесінде мәмілелерді көрсетуден бас тартқан жағдайда клиентке бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуге арналған оның бұйрығын орындау туралы есепті беруге.

10. Орталық депозитарий мен Тіркеушінің сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

3. Орталық депозитарий көрсететін қызметтер құрамы

11. Орталық депозитарий Тіркеушіге мынадай қызмет көрсетеді:

1) Тіркеушінің электрондық өкіміне сәйкес жеке шоттардың бірыңғай жүйесінде бағалы қағаздармен мәмілелерді көрсетеді;

2) Тіркеушінің тиісті электрондық өкімін алған кезде жеке шоттардың бірыңғай жүйесіне өзгерістер енгізеді;

3) Ереженің жиынтығымен белгіленген тәртіппен жеке шоттардың бірыңғай жүйесінен ақпаратты алып береді.

4. Құжаттар алмасу тәртібі

12. Орталық депозитарий мен Тіркеушінің арасындағы құжат алмасу тәртібі Ереже жиынтығымен реттеледі.

5. Тараптардың жауапкершілігі

13. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес жауап б е р е д і .

14. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелердің орындалмауынан немесе тиісінше орындалмауынан, нақты зиян мөлшерінде туындап, бір-біріне зиян келтірілген жағдайда оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз ара жа у а п т ы б о л а д ы .

15. Тіркеуші Орталық депозитарийге жіберілетін электрондық өкімдердің дұрыс ресімделуіне және онда жазылған ақпараттардың шынайылығы үшін жа у а п б е р е д і .

16. Орталық депозитарий Тіркеушінің электрондық өкімдерінің дұрыс және уақтылы орындалуы жөнінде өзіне жауапкершілік алады.

6. Төтенше жағдайлар

17. Егер тиісінше орындау дүлей күштің салдарынан мүмкін болмай қалса, егер осы жағдайлар Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер етсе, сол Тарап осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамау жауапкершілігінен босатылады.

Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осы жағдайлар орын алған шамалас мерзімге тоқтатыла тұрады.

18. Заңдардың, қаулылардың және мемлекеттік билік және осы Шарттағы көрсетілген қызметке тыйым салатын мемлекеттік органдардың өзге де актілері қабылдаған дүлей күшке мыналарды қосқандағы жағдайлар: өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, толқулар, ереуіл, әскери қақтығыстар жатады.

19. Дүлей күш жағдайының пайда болуы салдарынан осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігіне душар ететін жағдайлар пайда болған Тарап осы оқиға пайда болған күні дүлей күш жағдайының салдарынан қарсы тарапқа хабарлама жіберу мүмкін болмаған жағдайды қоспағанда, қарсы Тарапты жазбаша хабардар етуі тиіс, сондай-ақ қарсы Тараптың алғашқы талалабы бойынша дүлей күш жағдайының пайда болуын құжаттамалық р а с т а у ы н б е р у і к е р е к .

20. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігін

тудырған дүлей күш жағдайының іс-қимылдары тоқтатылғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде сол Тарап қарсы Тарапты осындай жағдайлардың тоқтатылғандығы туралы жазбаша хабардар етуі және осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауы тиіс.

Тиісінше хабардар етпеу Тарапты осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау жауапкершілігінен босататын негіздеме ретіндегі кез-келген жоғарыдағы жағдайға сілтеме жасау құқығынан айыратын болады.

7. Орталық депозитарий қызметінің төлем жасау мөлшері және тәртібі

21. Орталық депозитарий Тіркеушіден жеке шоттардың бірыңғай жүйесін өзекті жағдайда ұстау және жүргізу жөніндегі қызмет көрсеткені үшін сыйақы а л а д ы .

22. Орталық депозитарий тарифі барлық Тіркеушілер үшін бірыңғай болып т а б ы л а д ы .

23. Орталық депозитарий тарифін Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесі бекітеді және ол Ереже жиынтығының ажырамас бөлігі болып табылады. Ереже жиынтығының Орталық депозитарий тарифтеріне қатысты бөлігінде өзгеріс жасалған жағдайда, осы өзгерістер ол қолданысқа енгізілген күнге дейінгі отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей, тіркеушілерге мәлімет үшін жіберіледі.

8. Шарттың қолданылу мерзімі, оған өзгеріс енгізу және бұзу тәртібі және талаптары

24. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және қолданылуы мерзімсіз болады.

25. Шарт бағалы қағаздар ұстаушылар тізілім жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға Тіркеуші берген лицензиядан айырылған немесе қолданылуы тоқтатылған немесе Орталық депозитарий қызметі тоқтатылған жағдайда тоқтатылады, бұл осы Шарт талаптарына сәйкес Тараптарды осының алдында пайда болған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

Осы тармақтың бірінші абзацында жазылған талаптар пайда болған кездегі Тараптардың іс-қимылы Қазақстан Республикасы заңнамасына және Ереженің жиынтығына сәйкес реттеледі.

26. Тараптардың біреуі қайта құрылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтамайды және Тараптардың заңды мұрагерлеріне көшеді.

9. Дауларды шешу тәртібі

27. Тараптардың реттелмеген даулары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының тиісті соттарымен қаралады.

10. Тараптардың деректемелері және қоятын қолдары

Орталық депозитарий

Тіркеуші

(Орталық депозитарийдің деректемелері, тұрғылықты орны, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, банктік сәйкестендіру коды, жеке сәйкестендіру коды, бенефициар коды)	(Тіркеушінің деректемелері, тұрғылықты орны, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, банктік сәйкестендіру коды, жеке сәйкестендіру коды, бенефициар коды)
---	--

(бірінші басшының қолы және тегі, (бірінші басшының қолы және аты, әкесінің аты) тегі, аты, әкесінің аты)

Мөр орны

Мөр орны